

**Мәртөк ауданы Қазан ауылы «Қазан жалпы негізгі білім беретін мектебі» КММ
2021-2022 оку жылына арналған 4 «Ә» сыйныптың тәрбие жоспары бойынша жылдық
талдау есебі**

I. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие.

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүрге қабілетті азамат және патриот қалыптастыруға, тұлғаның саяси мәдениетін дамытуға ықпал ету, балалар мен жастардың құқықтық мәдениетін, құқықтық санасын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

Осы бағыт бойынша төмендегідей іс-шаралар өткізілді:

Патриоттық тәрбиенің алғашқы қадамы тамыз айында өткізілетін Конституция күнінің іс-шараларынан бастау алды. Әскери кабинет тақырыптық стенділермен жабдықталып, материалдары толықтырылды. 2021-2022 оку жылының дәстүрлі 1 қыркүйек – Білім күніне арналған «Мен - өз елімнің патриотымын!» атты тақырыбында сыйнып сағаттары өткізілді. Қыркүйек айында өткізілетін «Тілдер мерекесі» апталығы барысында көптеген іс-шаралар қамтылды. «Тіл - ұлт тірегі», «Тіл – намысын, арын, тіл – тынысын жаңын», «Языки моей страны» т.б. тақырыптарда тәрбие сағаттары, шығармалар байқауы, «Тіл маржанын теремін» атты жыр мүшәйрасы өткізілді. Қазақ, орыс, ағылшын тілдер бірлестіктері «Мәңгілік ел-мәңгілік тіл» тақырыбында апталық іс-шаралар үйымдастырылып өткізілді

II. Рухани-адамгершілік тәрбие:

Мақсаты: Қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен, жалпыадамзаттық құндылықтармен келісілген, тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, адамгершілік қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Осы жоспар бойынша жасалынған іс-шаралар төмендегідей:

Рухани - адамгершілік тәрбие бағыты бойынша қыркүйек айында әлеуметтік статусы төмен отбасы балаларына арналған «Мектепке жол» қайырымдылық акция өткізіліп балаларға демеушілер көмектерін аямады, қазан айында «Ұстаз - ұлы тұлға» мерекелік кеш өткізілді, 18 қазан - Рухани келісім күні сыйнып сағаттары өткізілді. «Халықтың қартын сыйлау - елінің салтын сыйлау» қарттармен кездесу үйымдастырылды, 1 қазан – қарттар күніне орай өткізілген «Қарттарым - асыл қазынам» ашық тәрбие тақырыбында өткізілген ашық тәрбие сағатына ата - әжелер алқасы, ауыл қариялары шакырылып, ұл-қыздарға арналған өнегелерін айтЫп, адамгершілікке шақырды. қаңтар ақпан айында Қайырымдылық акциясы үйымдастырылып жетім, көп балалы, аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсетілді. З Ә сыйнып «Жаман әдеттен жирен, жақсы әделден үйрен» сыйнып сағатын өткізді, сәуір айында Кітапханашылар «Оқу – білім бұлағы» көрме үйымдастырыды, мамыр айында «Ынтымағы жарасқан, тұган өлкем- Қазақстан» сыйнып сағатын, мектеп психологтары «Өмірдің мәні неде» тренинг өткізді.

III. Отбасы тәрбиесі

Мақсаты: Бала тұлғасын қалыптастыруды ата-аналарды оқыту, олардың рөлін көтеру және психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыру.

Осы жоспар бойынша жасалынған іс-шаралар төмендегідей:

Наурыз айында 8-наурыз Аналар мейрамы «Гүл мереке, күн мереке» апталығы өткізілді, «Сыйынар ем Ана деген тәндірге» сыйнып сағаты өткізілді. Ата-аналарға арналған «Ашық есік» күні үйымдастырылып, ата-аналардың мұғалімдермен жүздесіп, ашық сабак, ашық тәрбие сағаттарына қатысып, ашық есік күні «Бұлак көрсөн кезін аш» акциясымен қорытындыланды. Акция барысында оқушылар мен ата-аналар бірігіп мектеп ауласына тазалық жұмыстарын жүргізді.

IV. Ұлттық тәрбие .

Мақсаты: Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тіліне және мемлекеттік тілге құрмет, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелуе кеңістігін қалыптастыру.

Осы жоспар бойынша жасалынған іс-шаралар төмендегідей:

Сыйнып сағаттарында елімізде занды түрде мойындалған дін туралы толық мағлұмат «Сансыраған саналар», «Ислам дегеніміз..» т.б сыйнып сағаттары барысында беріліп, дін

негізіндегі негізгі ортақ идея – адамдар арасындағы бейбіт қатар қарым-қатынас жасау екені ұғындырылды.

V. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие .

Мақсаты: Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық пікірі мен кәсіби өзін-өзі анықтаудың саналы қарым-қатынасын қалыптастыру. Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын тәрбиелеу; табиғатқа аялы қарым-қатынасын, оның байлығын еселеу ұмтылысын қалыптастыру; балалар мен жастарда экологиялық сауаттылықтың «экологиялық санаасының» жоғары деңгейін, табиғат пен қоғамның экоэволюциясын қабылдау қабілетін дамыту және күнделікті өмірде оларды басшылыққа алуы үшін жағдай туғызу. Осы бағыт бойынша тәмендегідей іс шаралар өткізді:

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша Қыркүйек айында сынып жетекшілер кабинеттерді, фойелерді бөлме гүлдерімен безендірді. Қазан айында «Аяласан табиғатты аяла» т.б. тақырыптық тәрбие сағаттары өткізіліп, мектеп ауласын, сынып кабинеттерін көгалдандыру жолға қойылды. Оқушылармен бірлескен сенбілік, мектеп ауласын тазалау жұмыстары ұйымдастырылып, «Таза көше», «Таза аула» акциялары аясында ауыл халқына үндеу жолданған жадынамалар таратылды. Көше тазалығын сақтамайтын тұрғындармен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

VI. Қөп мәдениетті және көркем - эстетикалық тәрбие.

Мақсаты: Білім беру ұйымдарының білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде күру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени міnez-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, менгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

Осы бағыт бойынша тәмендегідей іс шаралар өткізді:

Көп мәдениетті және көркем - эстетикалық тәрбие бағыты бойынша Қыркүйек айында Оқушыларды бірыңғай мектеп ережесі, мектеп формасын сақтау жөніндегі бұйрығымен таныстырылды. Қазан айында 3 I сынып «Алтын күз» сынып сағатын өткізді. Қараша айында Менің ауылым - менің мақтанышым» сынып сағатын өткізді.

VII. Зияткерлік тәрбие

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік күру; балалар мен жастардың тұлғалық ұстанымдарын жандандыру, ақпаратпен жұмыс жасауда функционалдық дағдыларын, ақпараттық өзара әрекеттесуде этикалық нормалары мен құндылықты мақсаттарын қалыптастыру. Осы бағыт бойынша тәмендегідей іс шаралар өткізді:

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбие бағыты бойынша ұйымдастырылып өткізді.

VIII. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты тәрбие

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын ойдағыдай қалыптастыру, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігі үшін кеңістік орнату.

Осы бағыт бойынша тәмендегідей іс - шаралар өткізді:

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты тәрбие бағыты бойынша Қыркүйек айында «Наркобекет» жұмысы ұйымдастырылды.

Тәрбие жоспарына наркомания және наркобизнеске қарсы күрес бағытында іс-шаралар енгізілді.

Жас жеткіншектерді жағымсыз әрекеттерден сақтандыру, қоғамдағы жат әрекеттердің өз әсеріне берілмеулерінің алдын алу мақсатында ұйымдастырылған тәмендегі жұмыстар өз нәтижесін берді:

Салауаттану /тақырыптық сынып сағаттары/ сабактарында жағымсыз әрекеттер, жаман дағылар жөнінде ашық айттылды;

Сынып жетекшісі: 

Мадреймова Р.Д.